

«Келесі»  
ТЖО Р. Сағындықов  
« 01 » маусым 2023ж



« 01 » маусым 2023жыл  
Н.Жұманшов  
2023жыл

**«Жамбыл атындағы шағын жинақтты жағлыы білім беретін мектеп»  
Кәсіптік бағдар беру 2023-2024 оқу жылына арналған  
жылдық жұмыс жоспары**

Кәсіптік бағдар беру педагогы: *Дүкенбайева. Ә.Ө*  
Дүкенбайева. Ә.Ө

Бағдысу ауылы  
2023-2024 оқу жылы

### ***Құрметті әріптестер!***

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы осы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хат келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды:

- 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер;

- құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік, STEAM/ STEAM педагогикалық тәсілдерді іске асыру бойынша ұсыныстар;

- пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы) қалыптастыру бойынша ұсыныстар;

- пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді; цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар.

Білім беру процесінде білім алушы басты назарда тұруы тиіс. Барлық оқыту процесі оған қолайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталуы қажет.

Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау өзекті міндет болады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

**Құрметті ұстаздар!** Бұл әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда тиімді әрі пайдалы болады деп сенеміз.

## **I 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

- ✧ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.



*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.*

✓ *Педагог-психолог қызметінің мазмұны, оның дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, педагог-психологтың кәсіби құзыреттіліктері туралы жалпы түсінікті қамтамасыз ету, білім беру үдерісіне қатысушыларды және қоғамның мүдделі тараптарын ақпараттандыру мәселелері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығында қамтылған.*

✓ *Баланы қорлаудың (буллинг) алдын алу тәртібі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелген, <https://adilet.zan.kz/rus> сайтында орналастырылған, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында бекітілген.*

### **Сынып сағаттары аясында педагог-психологтардың білім алушылармен жұмысын ұйымдастыру**

Психолог-мамандардың қызметін білім беру ұйымы басшысының (директорының) орынбасары үйлестіреді.

Оқу жылына арналған тәрбие жұмысын жоспарлауда педагогпсихологтардың әрбір сынып жиынтығымен жұмыс жүргізуі үшін сынып сағаттарын (жылына кемінде 4 сағат көлемінде) бөлу ұсынылады.

Педагог-психологтардың білім алушылармен өзара іс-әрекеті сынып жетекшілерінің (кураторларының) көмегімен жүзеге асырылады.

Педагог-психологтың өткізетін сынып сағаттары білім беру ұйымдарында жасөспірімдердің қоғамға қарсы, аутоагрессивті, девиантты, тәуелділік және басқа да деструктивті мінез-құлықтың бастапқы белгілерін анықтауға және алдын алуға бағытталуы тиіс.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін сынып сағаттарын өткізу тәртібін реттейтін «Сынып сағаты туралы ережені» әзірлеу және бекіту ұсынылады. Сынып сағаттарын жоспарлау барысында мектептің сынып жиынтықтарының (топтарының) санын, білім алушылардың жас, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.



**Назар аударыңыз!**

## 2.9 ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет. Ол аксиологиялық, тұлғаға бағытталған, сараланған, іс-әрекет, жүйелік тұрғылар, оқытудың дидактикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастырылуы қажет.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау әкімшіліктің, әдіскерлердің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің, сынып жетекшісінің, педагогтер мен ата-аналардың іс-әрекетін қамтуы тиіс.

### *Мектеп әкімшілігі, әдіскерлер*

Оқу жылы ішінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін (салауатты психологиялық ахуал, табысқа жету жағдайларын жасау, біліктілікті уақытылы арттыру, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, сабақ кестесін құру және т.б.), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының түріне қарамастан, білім алушылардың сабақтан тыс уақытта демалуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Бұл мәселені шешуде бірінші басшының әрбір білім алушымен оның үлгерім деңгейіне қарамастан құндылық тұрғысынан қарымқатынас жасауын қамтитын принципті ұстанымы маңызды.

Барлық білім алушы үшін бірдей оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, түрлерін, құралдарын қолдануға болмайды, сараланған әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім сапасына үнемі мониторинг жүргізу, қорытындыларын тұжырымдай отырып, барлық оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтарды анықтау, алдын алу, түзету ісшараларының жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу қажет. Мектепшілік ісшараларды (педагогикалық кеңес, жиналыс, мәжіліс) өткізу кезінде педагогикалық ұжымды ағымдағы жағдаймен таныстырып қана қоймай, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау, білім сапасын арттыру, шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру бойынша тиімді шараларды ұсыну маңызды.

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету тұрақты негізде жүзеге асырылуы тиіс. Анықталған себептерге (физиологиялық, психологиялық, әдістемелік, әлеуметтік және т.б.) сүйене отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау қажет.

### *Педагогтер*

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде мұғалімнің оқушыларға, сабаққа, оқу нәтижесіне құндылық тұрғысынан қарымқатынасы маңызды. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда әр оқушыға назар аудару маңызды.



**Мақсаты:** мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру; білім алушылардың *жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы* үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау.

**Міндеттері:**

- 1) білім алушылардың олардың мүдделері мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу;
- 2) оқушылардың болашақ кәсіби қызметіне, мамандығына психологиялық дайындық, кез келген мамандықты таңдауға қажетті жауапкершілік пен еңбекті құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу;
- 3) кәсіби білім беру сапасын жетілдіру және қоғамдық сұраныстарға жауап беретін маман даярлау;
- 4) бітірушілерге өмір бойы білім алуын жалғастыруға оң көзқарасының, *өмірде мансаптық өсуі* мен танымдық процесін реттеуге даярлығының қалыптасуына көмектесу;
- 5) оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;

I. Кәсіби азарту бойынша жүргізілетін жұмыстар						
p/c	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Өтілу формасы	Сынып	Жауаптылар	Есеп түрі
1	Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар жұмысын жоспарлау	Қыркүйек	Жоспарлау	9-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Жоспар
2	Оқушыларға мамандықтар туралы кеңес беру және оларды ақпараттандыру	Үнемі	Кеңес беру	9-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мәлімет
3	«Сенім жәшігі» кәсіп таңдаудағы сұрақтар бойынша жұмыс	Жыл бойы	Кеңес беру	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылмамбетов Сынып жетекшілер	Кеңес беру жұмыстары
4	Оқушылардың кәсіби бағыты бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізу	Қыркүйек	Кездесу	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылмамбетов	Мәлімет
5	Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы мамандыққа және еңбекке деген қызығушылықтарын қалыптастыру (бастауыш, орта, негізгі буын сыныптары)	Үнемі	Кеңес беру (жұмыс түрлері)	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мәлімет
6	Қашықтықтан оқыту бойынша болатын вебинар, конференция т.б іс-шараға қатысу	Уақытында	Таныстырылым	8-11 сынып	ТДЖО. Г.Байдабекова Ә.Дүкенбаева	Фото есеп Хаттама
7	Өңірімізге қажетті мамандықтарды анықтау, оқушыларға насихаттау	Қазан	Кездесу	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Фото есеп Хаттама
8	Сынып сағаттарын өткізу «Мансапқа жетуді жоспарлауда өзін тәрбиелеудің рөлі»	Уақытында	Бейнеролик	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Сынып жетекшілер	Фото есеп Мәлімет
9	Оқу орындарына түсу шарттарын түсіндіру	Қараша	Таныстырылым	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Пән мұғалімдері	Фото есеп Хаттама
10	«Кім боламын?»	Қараша	Пікірлесу	9-10-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылмамбетов	Ақпарат
11	Болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы ақпарат беру	Желтоқсан	Әңгіме-дебат	9-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Хаттама
12	Не? Қайда? Қашан? атты мамандық туралы викторина	Қаңтар	Викторина	9-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мәлімет
13	«Менің болашақ мамандығым» сурет сайыс	Ақпан	Сурет сайыс	5-7 сынып	Ә.Дүкенбаева Бейнелеу өнер пәнінің мұғалімі	Фото есеп Мәлімет
14	Кәсіпорындарға экскурсияға бару	Наурыз	Экскурсия, бейнежазба	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылмамбетов	Бұйрық

...ата мен ата-...  
...қатынасын  
...қатынасын

Сур

Сауалнама

5-11  
сынып

Дүкенбаева

Іс-шаралар  
Мәлімет

	кандай ата-анасыз?					
16	Оқушыларды өзгермелі өмірге дайындау	Мамыр	Әңгіме, дебат,	8-11-сынып	Ә.Дүкенбаева Сынып жетекшілер	Мәлімет
<b>II. Кәсіби диагностика</b>						
17	Білім алушылардың қызығушылығы бойынша сауалнама	Қазан	Сауалнама	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мәлімет, мониторинг
18	Кәсіптік бағдарлы тест (бастауыш, орта, негізгі буын сынып оқушыларының жас ерекшелігіне орай)	Қараша	Тест	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мониторинг
19	«Адам өміріндегі еңбектің рөлі» тақырыбында эссе	Желтоқсан	Эссе	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Тіл мамандары	Анықтама
20	Таңдаған мамандықтары бойынша мониторинг жасау	Желтоқсан	Мониторинг жасау	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Гистограмма
21	9-сыныптардан кезендік сауалнама алу	Қаңтар	Сауалнама	9-сынып	Ә.Дүкенбаева	Анықтама
22	Еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды зерттеу	Ақпан Наурыз	Зерттеу жұмысы	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мәлімет
23	5-7 сыныптарда алдынала бағыт беру аясында диагностика өткізу	Сәуір	Зерттеу жұмысы	5-7 сынып	Ә.Дүкенбаева	Анықтама
24	9-11 сыныпты бітіруші жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған және ерекше білімді қажет ететін оқушыларға кәсіптік бейімделу диагностикасын жасау;	Мамыр	Зерттеу жұмысы	9-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылмамбетов А.Йсмайлова	Анықтама
<b>III. Кәсіби кеңес беру</b>						
25	Сауалнама, тест қорытындылары бойынша психологиялық кеңес беру	қараша	Сұхбатта-су	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылаамбетов	Мәлімет
26	Еңбек заңнамалары саласында, еңбек қорғау саласындағы білім алушылардың қауіпсіздік техникасы туралы кеңес беру	Желтоқсан	Дөңгелек үстел	8-11 сынып	Сынып жетекшілер	Фото есеп Хаттама
27	Жеке кәсіби бағдар беру кеңесі, топтық кәсіби бағдар беру кеңесі	Үнемі	Әңгімеле-су	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Мәлімет
28	Ата-аналарға, оқушыларға жеке кеңестер беру	Үнемі	Әңгімеле-су	9-11-сынып	Ә.Дүкенбаева	Хаттама
<b>IV. Кәсіби іріктеу және жарамдылық</b>						
29	Өндірістік практикаға	Уақытында	Практика	8-11		Бұйрық



	бару		Бейне жазба	сынып	Г.Әбжан	Хаттама
30	Сала мамандарымен, мектеп түлектерімен кездесу	Желтоқсан	Әңгімеле-су	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Сынып жетекшілер	Фото есеп Хаттама
31	Кәсіпкерлік мектеп мамандарымен кездесу	Уақытында	Пресс – конференция	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер	Хаттама Фото есеп
32	Қоғамдық пайдалы еңбекке жұмылдыру	Кезінде	Ұжымдық	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Сынып жет.	Фото есеп Мәлімет
33	Жоғары оқу орындары мен колледждердегі ашық есік күніне жиналыс өткізу	Сәуір Мамыр	Конференция, әңгімелесу, сұхбат	9-11-сынып	Ә.Дүкенбаева Р.Шылмамбетов Сынып жетекшілер	Хаттама
<i>V. Кәсіби бейімделу</i>						
33	Қолданбалы курстарды мамандыққа қарай бейімдеу	Қазан	Сабақ түрінде	10-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Пән мұғалімдері	Мәлімет
34	Үйірме жұмыстары (өнер, спорт т.б.)	Үнемі	Сабақ түрінде	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева Үйірме жетекшілері	Фото есеп Анықтама
35	Дебат, интеллектуалды сайыстар өткізу	Кезінде	Сайыс	8-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Хаттама Фото есеп
36	Кәсіптік бағдар беруші педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебін жасау	Мамыр	Есеп	5-11 сынып	Ә.Дүкенбаева	Есеп

Кәсіби бағдар беруші педагог:

*Ә.Дүкенбаева*

Ә. Дүкенбаева